

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2025 жылғы «24» қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке**

Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

Қазақ «Адамды алдау – арынның алдында қылмыс» дейді. Бірақ бүгінде ақшаға келгенде арды аттап кететіндер, байлыққа бұқараны алдап жететіндер аз емес.

Ойыннан ойын шығарып, оны желіге жүктеп халықты тақырға отырғызуды табыстың көзі қылғандарды ауыздықтау үшін «Ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері туралы» Заң жобасы жазылғанын білесіздер. Мәжілістің депутаттары бастамашы болдық.

Соның нәтижесінде, 2024 жылы заңсыз лотерея ұйымдастырған 101 адамға 41 млн теңге айыппұл салынды. Оңай ақшаға құныққандардың көзін ақшаның шелі басқаны сонша, өзгелердің от басқанын көрсе де заңсыз лотерея ұйымдастыруды қояр емес. 2025 жылдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін тағы 79 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 33,1 млн теңге айыппұл салынды.

Адамды алдауды меңгергендердің заңды айналып өтуге тырысқан әрекеттеріне тоқталсам.

Біріншіден, кейбір әлеуметтік желінің мүмкіндігін белсенді пайдаланатын инфлюенсер-алаяқтар уақытша компаниялар құрып, пайдасыз видеокурстар дайындап, соны сату деген сылтаумен заңсыз лотерея ұйымдастырып жатыр. Қарапайым азаматтарды бұл заңсыз іс-әрекеттерге көптеп тарту үшін сыйлық ретінде пәтер, автокөлік, электроника мен смартфондар, тіпті зәулім коттеждер тігуде.

Мысалы, оқырмандар саны 3 миллионды құрайтын Дархан Жолшыбеков «darhanzholshybekov» аккаунты арқылы 300 миллион теңге тұратын зәулім үйіне заңсыз ұтыс ұйымдастырып, шамамен 1,5 млрд теңге қаржы жинаған.

Ал оқырмандары саны 6,9 миллионды құрайтын «supermamasita» аккаунты арқылы Байтуғаева Әлия бірнеше рет бағалы сыйлықтарды ойнатып, деректер бойынша 500 миллион теңге қаражат жинаған.

Жалпы оқырмандары 13 миллионды құрайтын «Justking31» және «AminaXO» Instagram аккаунттарының иелері Нұртаза Нурбек және Амина зәулім үйлерін заңсыз лотерея ұйымдастыру арқылы сатып, 1,5 млрд теңге сомасында қаржы жинаған.

Уважаемые коллеги!

Принятые нами нормы по борьбе с незаконными лотереями и онлайн-казино однозначно работают. И мы видим положительные результаты.

Мы также приветствуем публичную общественную критику отдельных «псевдоблогеров», которые обманным путем завлекали пользователей соцсетей в незаконные лотерейные схемы.

Тем не менее, финансовое мошенничество в этой сфере продолжает расти, особенно среди молодежи. Несмотря на наличие законодательных норм, мошенники используют лазейки в законе, которые позволяют коммерческим организациям проводить розыгрыши для стимулирования продаж.

Этим и пользуются мошенники-инфлюенсеры, маскируя лотереи под онлайн-курсы. Так, например, в Астане проходит суд над Ерболатом Жанабыловым, который организовал розыгрыш 10 автомобилей и других призов.

Участие в розыгрыше осуществлялось на платной основе: пользователям необходимо было оплатить 30 000 тенге за «обучающие курсы». По предварительным данным, были распроданы более 6 тысяч билетов, на сумму 180 млн. тенге.

Кроме того, уполномоченные органы не имеют полномочий для подсчета доходов, полученных от незаконных лотерей, что делает невозможной конфискацию этих средств.

В связи с этим, прошу Вас рассмотреть следующие предложения:

1. Ужесточить меры и рассмотреть снижение порога дохода, предусмотренного в статье 214 УК РК, для возбуждения уголовного дела в отношении организаторов таких схем.

2. Собирать и публиковать в единой сети полную информацию о том, сколько денег присвоили и как обманывали граждан мошенники, привлеченные к ответственности за организацию незаконных лотерей.

3. Разработать механизмы для повышения прозрачности деятельности образовательных центров и онлайн-школ, чтобы потребители могли легко проверять их репутацию, квалификацию преподавателей и юридическую чистоту.

4. Обязать органы Комитета государственных доходов Министерства финансов предоставлять Министерству туризма и спорта по его запросу информацию о размере дохода блогеров, полученного в результате совершения административного правонарушения.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің депутаттары,**

**«АМАНАТ» партиясының
Фракция мүшелері**

Е. Бейсенбаев

Н. Сәрсенғалиев

Е. Әбіл

✉ *А.Н. Сансызбай*

☎ *74-64-04*

✉ *Sansyzbay@parlam.kz*